

**Наурузбаев Дархан Мирзабековичтің «8D02201 - Саяси философия»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындаған «Әл-Фараби мен Ж.Баласағұнның саяси философиялық,
әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігі» докторлық
диссертацияға ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділіктерін зерттеуге бағытталған. Тақырыптың өзектілігі қазіргі заманғы қоғамдағы адамгершілік, әділеттілік, мемлекет басқарудағы даналық идеяларының маңыздылығымен тікелей байланысты. Қос ойшылдың еңбектерін талдау арқылы зерттеуші бүгінгі күннің күрделі мәселелеріне философиялық тұрғыдан жауап іздеуді көздейді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн ілімдерінің арасындағы үйлесімділігін анықтау мен саяси философиялық, әлеуметтік-этикалық ілімдерінің ілімдерінің қазіргі қоғам үшін өзектілігін кешенді түрде жан-жақты талдауы болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмысын отандық философия мен гуманитарлық ғылымдарына қосылған тың үлес деп айтуға негіз бар.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, жаңалығы және әдістемелік негіздері нақты көрсетілген.

Бірінші тарау әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн ілімдерінің қалыптасуының тарихи және социомәдени алғышарттары мен идеялық қайнар көздерін зерттеуге арналған. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн еңбектеріндегі негізгі тұжырымдамалар талданып, олардың идеяларының тарихи-мәдени контексті терең ашылған. Ізденуші әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның ілімдері ислам өркениетінің дамуымен және сол кезеңдегі мәдени-ғылыми өрлеумен байланысты екендігін анықтаған. Әл-Фараби өмір сүрген заманында грек-рим философиясының (әсіресе Аристотель мен Платонның) идеялары мұсылман әлемінде кең таралып, философиялық синтез жасауға негіз болғаны сипатталған. Оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі қоғам мен мемлекетті басқару саласындағы ізгілікті тұжырымдайтын философиялық жүйені ұсынды. Жүсіп Баласағұнның еңбегі де өзіндік тарихи және мәдени алғышарттарға негізделгені анықталған. Оның «Құтадғу білік» шығармасы түркі халқының дәстүрлері мен исламдық этикалық қағидаларды біріктіріп, қоғамның үйлесімді дамуына арналғаны айтылған. Оның көзқарастары көшпелі және отырықшы мәдениеттердің тоғысуының нәтижесінде қалыптасқаны көрсетілген. Сонымен қатар әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн ілімдері Шығыс Ренессансы дәуірінде қалыптасқан философиялық ойдың биік шыңы ретінде қарастырылған. Әл-Фараби ислам философиясының универсализмін көрсетсе, Жүсіп Баласағұн түркілік рухани мұраның исламдық құндылықтармен үйлесімдігін дәлелдеді делінген. Ізденуші екі ойшылдың да

идеялары ортағасырлық түркі-исламдық философияның дамуына ерекше ықпал еткенін дәлелдеген.

Екінші тарауда әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси философиясындағы үйлесімділік идеялары қарастырылған. Зерттеуші қос ойшылдың әділетті қоғам, адамгершілік және білімге негізделген басқару қағидаларына ерекше назар аударған. Ізденуші әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси философиясы мемлекет пен қоғамды басқаруда әділеттілік, білім және ізгілік қағидаларының маңыздылығын көрсете білген. Ізденуші әл-Фараби әділетті басшының міндеті қоғамды ізгілікке бағыттау екенін айтса, Жүсіп Баласағұн да билеушінің халық алдындағы жауапкершілігін ерекше атап көрсеткендігін анықтаған. Сонымен қатар диссертант қос ойшылдың мемлекетті басқарудағы моральдық-этикалық негіздерді басты құндылықтар ретінде қарастырып, әділеттілікті биліктің іргетасы деген идеясына терең назар аударған.

Үшінші тарау әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн әлеуметтік және этикалық ілімдерінің жалпы және жекелеген үйлесімділіктерін зерттеуге арналған. Ізденуші екі ойшылдың да ізгілік пен бақыт туралы ілімдері де ұқсас екендігін көрсеткен. Әл-Фараби бақытқа жетуді адамның ең жоғары мақсаты деп есептеп, оған білім мен даналық арқылы қол жеткізуге болатынын дәлелдеді деген. Жүсіп Баласағұн бақытқа жетуді әділеттілікпен, рухани үйлесіммен байланыстырып, оны жеке тұлғаның да, қоғамның да жетілуінің көрсеткіші ретінде қарастырғанын анықтаған. Сонымен қатар, ізденуші қос ойшылдың ізгілік этикасы туралы ілімдерінде адамгершілік пен әділеттілікті адамның негізгі қасиеттері ретінде бағалағанын анықтаған. Олардың ағартушылық идеялары да ортақ – білім мен ғылымды қоғамның дамуының негізі деп санайды деп қорытындылаған. Сонымен қатар, бұл тарауда ізденуші қос ойшылдың идеяларын заманауи контексте қолдану мүмкіндіктерін саралаған.

Зерттеу жұмысы алғашқы зерттеулердің қатарында әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділіктерін философиялық тұрғыдан жан-жақты талдаған. Сонымен қатар, ізденуші ортағасырлық философиялық мұраның қазіргі заманғы қоғамдағы басқару және этика мәселелерін шешуге ықпал ететін әлеуетін көрсете білген. Сондай-ақ, зерттеуде герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы және жүйелік талдау әдістері қолданылған. Осы әдістердің үйлесімділігі диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын арттыра түскен.


Докторанттың зерттеу тақырыбына терең үңіліп, ғылыми тұрғыдан дәлелденген нәтижелерге қол жеткізгенін атап өткім келеді. Жұмыста әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның ілімдері терең салыстырмалы түрде талданып, үйлесімділіктері терең анықталған және қазіргі заман үшін өзектілігі нақты көрсетілген. Диссертант ғылыми ізденіс жұмыстары барысында ізденушіге тән ұқыптылық, еңбекқорлық, академиялық адалдық сияқты қасиеттерді көрсете білді. Ізденуші философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша талаптардың барлығын табысты жүзеге асырды.

Шетелдік кеңесші профессор Суат Колукирик ұстаздық ететін Акдениз университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, аталған университеттің кітапханасында диссертацияға қажетті материалдар жинады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарды жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 6 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 3 («Адам әлемі», «Әл-Фараби», «ҚазҰУ Хабаршысы»); ғылыми практикалық конференцияларда – 2, Scopus журналдар базасына кіретін «RUDN. Journal of Philosophy» журналында 1 мақала жарияланды. Сонымен қатар бірнеше ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларда диссертация тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы жоғары ғылыми деңгейде дайындалған. Ізденушінің еңбегі ортағасырлық философиялық ілімдердің заманауи мәселелерді шешудегі маңыздылығын көрсетуге бағытталған құнды зерттеу болып табылады. Сондықтан, бұл диссертациялық жұмысты «8D02201 – Саяси философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия
кафедрасының профессоры**



Алтаев Ж.А.

Қолын растаймын
Подпись заверяю

Мажарова М.

